Рудный индустриалды университеті

КЕЛІСІЛДІ
«Ахмедов» ЖК директоры
_____ К. Ахмедов

БЕКІТЕМІН
АМ жөніндегі проректор
_____Л. Божко

ТАҢДАУ БОЙЫНША ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

білім беру бағдарламасы

6В02105 Тіршілік ету ортасының дизайны

Рудный 2026

KPD МОДУЛІ – ДИЗАЙНДАҒЫ КОНСТРУКЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ

EPDOA 3302 Сәулет объектілерінің дизайн элементтері мен процестері – 5 кредит ECTS

Пәнді оқу мақсаты – студенттерде сәулет-көркем жобалау саласындағы кәсіби білім мен дағдыларды қалыптастыру, аналогтарды, пішін құраушы принциптерді және сәулет объектісінің көркем-бейнелік сипатын бере отырып, бастапқы сәулет пішіндерін шығармашылықпен түрлендіруді зерттеу.

Курстың пререквизиттері: Қазақстан тарихы, Материалдық мәдениет және дизайн тарихы, Сурет, Техникалық сурет, Кескіндеме, Арнайы кескіндеме, Композиция, Дизайндағы стиль қалыптастыру.

Пәннің мазмұны. Техникалық эстетика мен сәулет композициясының жалпы принциптері. Сәулет тапсырмасы мен тұжырымдамасын талдау. Жобалық ойлау мен пішін құрудың сатылары. Сәулет элементтерінің пропорциялары, масштабтылығы және пластикасы. Кеңістіктік-жоспарлау шешімдері мен функционалдық аймақтарға бөлу. Тұжырымдамалық және көлемдік-кеңістіктік жобалау кезеңдері. Сәулет объектілерін макеттеу және 3D-визуализациялау. Эскиздік жоба мен жұмыс құжаттамасын әзірлеу. Материалдарды, түстік және конструктивтік шешімдерді таңдауды негіздеу.

Постреквизиттер курстары: Тіршілік ету ортасы объектілеріне арналған материалдар, Пластикалық модельдеу, Сәулет суреті/Арнайы сурет, Сәндік-қолданбалы өнер, Сәулет дизайны объектілерін жобалау, Сәулет ортасының дизайны, Құрылыс дизайны, Тіршілік ету ортасы объектілерінің заманауи дизайны.

EPDOI 3302 ИНТЕРЬЕР ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ДИЗАЙН ЭЛЕМЕНТТЕРІ МЕН ПРОЦЕСТЕРІ – 5 КРЕДИТ ECTS.

Пәнді оқу мақсаты – аналогтарды және бастапқы пішінді интерьер объектілерінің көркем-бейнелік сипатын бере отырып, шығармашылықпен түрлендіруді зерттеу.

Курстың пререквизиттері: Қазақстан тарихы, Материалдық мәдениет және дизайн тарихы, Сурет, Техникалық сурет, Кескіндеме, Арнайы кескіндеме, Композиция, Дизайндағы стиль қалыптастыру.

Пәннің мазмұны. Өнеркәсіптік бұйымдарды көркем конструкциялауға техникалық эстетика талаптарының жалпы сипаттамасы. Графиканың негізгі бейнелеу құралдары. Техникалық тапсырманы талдау. Жобалық пайымдау мен талдау сатысы. Аймақтарға бөлу және жоспарлау шешімдері. Тұжырымдамалық дизайн. Көлемдік-кеңістіктік шешімдер, 3D визуализация. Эскиздік жоба. Техникалық құжаттаманы әзірлеу. Материалдарды, интерьер элементтерін принципті түрде іріктеу.

Курстың постреквизиттері: Жиһаз және интерьер дизайны, Тіршілік ету ортасы объектілеріне арналған материалдар, Пластикалық модельдеу, Сәулет суреті/Арнайы сурет, Сәндік-қолданбалы өнер, Жиһазды конструкциялау, Құрылыс дизайны, Тіршілік ету ортасы объектілерінің заманауи дизайны.

OPD МОДУЛІ – ӨНЕРКӘСІПТІК ДИЗАЙН НЕГІЗДЕРІ

RK 3223 Сәулет суреті – 5 кредит ECTS

Пәнді оқу мақсаты – сәулет объектілерін жасау кезінде кәсіби дағдыларды қалыптастыру, көркем талғамды дамыту.

Курстың пререквизиттері: Композиция. Тіршілік ету ортасы объектілерінің суреті, Сурет, Техникалық сурет, Кескіндеме, Арнайы кескіндеме.

Пәннің мазмұны. Сәулет мәнерлілігіне қол жеткізу тәсілдері. Сәулет жобалаудың әртүрлі кезеңдеріндегі бейнелеу жұмысының ерекшелігі. Жобаны графикалық ұсынудың дәстүрлі және заманауи құралдарын қолдану. Жоба элементтерінің әртүрлі пішіндерін, конструктивтік, технологиялық және материалдық ерекшеліктерін жасауға арналған графика мен модельдеудің техникалық тәсілдері. Жобалық ойды көрнекі түрде барынша толық іске асыру тәсілі ретінде модельдеу. Жобалардың іздестіру және жұмыс эскиздері.

Курстың постреквизиттері: Сәулет дизайны объектілерін жобалау. Тіршілік ету ортасы объектілерінің заманауи дизайны, Дизайндағы графика және макеттеу.

RS 3223 Арнайы сурет – 5 кредит ECTS

Пәнді оқу мақсаты – объектінің тұтас көркем-бейнелі жасалуы үшін безендіру мен көркем түстану дағдыларын дамыту.

Курстың пререквизиттері: Композиция. Тіршілік ету ортасы объектілерінің суреті, Сурет, Техникалық сурет, Кескіндеме, Арнайы кескіндеме.

Пәннің мазмұны. Жобалаудың әртүрлі кезеңдеріндегі бейнелеу жұмысының ерекшелігі. Жобаны графикалық ұсынудың дәстүрлі және заманауи құралдарын қолдану. Жоба элементтерінің әртүрлі пішіндерін, конструктивтік, технологиялық және материалдық ерекшеліктерін жасауға арналған графика мен модельдеудің техникалық тәсілдері. Жобалық ойды көрнекі түрде барынша толық іске асыру тәсілі ретінде модельдеу. Жобалардың іздестіру және жұмыс эскиздері.

Курстың постреквизиттері: Тіршілік ету ортасы объектілерінің заманауи дизайны, Дизайндағы графика және макеттеу.

DO МОДУЛІ – ОБЪЕКТІЛЕР ДИЗАЙНЫ

DMI 4307 Жиһаз және интерьер дизайны – 5 кредит ECTS

Пәнді оқу мақсаты – эргодизайн мен пішін құраушы элементтер кешенін ескере отырып, жиһаз бен интерьерді жобалаудың әртүрлі кезеңдеріндегі бейнелеу жұмысының инвариантты әдістерін меңгеру.

Курстың пререквизиттері: Метрология, стандарттау және сертификаттау (Үнемшіл өндіріс), Дизайн объектілерінің эргономикасы, Тіршілік ету ортасы объектілерінің суреті, Тіршілік ету ортасы объектілеріне арналған материалдар.

Пәннің мазмұны. Интерьердегі жиһаз. Эргодизайн мен пішін құраушы элементтер кешенін ескере отырып, жиһазды жобалаудың әртүрлі

кезеңдеріндегі бейнелеу жұмысының инвариантты әдістері. Барлық проекцияларды орындай отырып және жекелеген бөліктерді бекіту жүйесін көрсете отырып, жиһаз элементтерін әзірлеу. Макет үлгісін құрастыру. Кәсіби компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, интерьердегі пәндік-кеңістіктік орта элементтерін құру. Қалалық орта дизайнерлік шығармашылықтың ерекше объектісі ретінде. Қалалық ортаның ашық кеңістіктерінің кейбір композициялық ерекшеліктері. Орта композициясының құрылымдық элементтері. Заманауи орта шешімдеріндегі стильдік ерекшеліктер. Жобалау объектілері ретінде орталық дизайн элементтері. Кейбір орта мәдениеттерін қалыптастырудың жеке принциптері.

Курстың постреквизиттері: Өнеркәсіптік дизайн объектілерін конструкциялау. Жиһазды конструкциялау. Тіршілік ету ортасы объектілерінің заманауи дизайны, Өнеркәсіптік бұйымдар мен пәндік-кеңістіктік ортаның эргодизайны.

DAS 4307 Сәулет ортасының дизайны – 5 кредит ECTS

Пәнді оқу мақсаты – тұтынушылық және эстетикалық қасиеттері жоғары сәулет ортасын құру іскерлігін қалыптастыру және дамыту.

Курстың пререквизиттері: Метрология, стандарттау және сертификаттау (Үнемшіл өндіріс), Дизайн объектілерінің эргономикасы, Тіршілік ету ортасы объектілерінің суреті, Тіршілік ету ортасы объектілеріне арналған материалдар.

Пәннің мазмұны. Орта объектілерін дизайндаудың әлеуметтік негіздері мен заманауи міндеттері. Сәулет ортасы дизайнындағы пішінді эстетикалық ұйымдастыру. Сәулет ортасының морфологиясы. Қалалық ортаның фрагментін кешенді қалыптастыру. Ашық кеңістіктерді қалыптастырудың сәулет-дизайнерлік құралдарының жіктелуі. Сәулет құрылыстары. Конструктивтік элементтер мен жүйелер. Классикалық ордер жүйесі. Сәулет детальдары. Ғимараттың мәнерлі көркем бейнесін жасау, функционалдық процестерге сәйкес ішкі кеңістікті ұйымдастыру. Тұрғын үй кварталы кеңістігін ұйымдастыру тұжырымдамалары.

Курстың постреквизиттері: Қалпына келтіру және реконструкциялау негіздері/Материалдардың ұзақ мерзімділігі, Сәулет дизайны объектілерін жобалау, Құрылыс дизайны, Тіршілік ету ортасы объектілерінің заманауи дизайны.

ТР МОДУЛІ – ӨНДІРІС ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ORR 4308 Қалпына келтіру және реконструкциялау негіздері – 5 кредит ECTS

Пәнді оқу мақсаты – өнеркәсіптік дизайн объектілерін реконструкциялау және реставрациялау жұмыстарын жүргізудің технологиялық негіздері.

Курстың пререквизиттері: Тіршілік ету ортасы объектілеріне арналған материалдар. Өнеркәсіптік дизайн типологиясы. Тіршілік ету ортасы

дизайнындағы пішіндер мен композициялар. Өнеркәсіптік бұйымдарды жобалау және модельдеу.

Пәннің мазмұны. Өнеркәсіптік дизайн объектілерінің техникалық жай-күйін талдау. Реставрация және реконструкция: мәні, ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Реставрация мен реконструкцияның алғышарттары. Өнеркәсіптік дизайн объектілерін реконструкциялау және реставрациялау жұмыстарының материалдары мен технологиясы.

Курстың постреквизиттері: Тіршілік ету ортасы объектілерін өндіру технологиясы, Тіршілік ету ортасы объектілерінің заманауи дизайны, Дипломдау.

DM 4308 Материалдардың ұзақ мерзімділігі – 5 кредит ECTS

Пәнді оқу мақсаты – материалдардың ұзақ мерзімділігінің негізгі өлшемдері, экологиялық және экономикалық аспектілері.

Курстың пререквизиттері: Экология және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі. Тіршілік ету ортасы объектілеріне арналған материалдар. Өнеркәсіптік дизайн типологиясы. Энергия тиімді сәулет жобалау. Пластикалық модельдеу.

Пәннің мазмұны. Агрессивті сыртқы әсерлердің негізгі түрлері және коррозиялық процестердің жіктелуі; әртүрлі шыққан материалдардың бұзылу механизмі туралы негізгі түсініктер; материалдар құрылымының ұзақ мерзімділікке әсері; материалдардың төзімділігін арттырудың тиімді жолдары және оларды сыртқы әсерлерден қорғау тәсілдері.

Курстың постреквизиттері: Тіршілік ету ортасы объектілерін өндіру технологиясы, Тіршілік ету ортасы объектілерінің заманауи дизайны, Жобалау алдындағы зерттеулер, Дипломдау.

PD МОДУЛІ – ӨНЕРКӘСІПТІК ДИЗАЙН

KPI 5317 Бұйымдарды кешенді жобалау – 5 кредит ECTS

Пәнді оқу мақсаты – функционалдық, эстетикалық, конструктивтік-техникалық, экономикалық талаптар мен нормативтерге сәйкес жобалар жасау дағдыларын дамыту.

Курстың пререквизиттері: Өнеркәсіптік бұйымдарды жобалау және модельдеу, Тіршілік ету ортасы дизайнындағы пішіндер мен композициялар, Тіршілік ету ортасы объектілеріне арналған материалдар.

Пәннің мазмұны. Бұйымдардың кешенділігі: ерекшелік белгілері, артықшылықтары. Кешендерді инженерлік конструкциялау. Бұйымдарға арналған материалдарды таңдау. Кешен элементтерінің өзара толықтырылуы. Түстік шешімдер. Бұйымдар кешенін жобалау кезеңдері. Эскиздік жоба. Толық әзірлеу. Графикалық объектілермен компьютерлік жұмыс әдістері. Эскиздік жобадан бастап толық аяқталған жобаны жобалық бағдарлама өлшемшарттарына сәйкес әзірлеу мен бағалауға дейінгі бұйымдар кешенін жасау.

Курстың постреквизиттері: Өнеркәсіптік бұйымдар мен пәндік-кеңістіктік ортаның эргодизайны. Жобалау алдындағы зерттеулер. Дипломдау.

PKI 5317 Коллекциялық бұйымдарды жобалау – 5 кредит ECTS

Пәнді оқу мақсаты – функционалдық, эстетикалық, конструктивтік-техникалық, экономикалық талаптарға сәйкес бұйымдар коллекцияларын жасау әдістерін меңгеру.

Курстың пререквизиттері: Өнеркәсіптік бұйымдарды жобалау және модельдеу, Тіршілік ету ортасы дизайнындағы пішіндер мен композициялар, Тіршілік ету ортасы объектілеріне арналған материалдар.

Пәннің мазмұны. Ассортименттің жаңа түрлерінің пайда болуы және жекелеген бұйымдардан кешендер мен ансамбльдерге көшу. Сәндік-қолданбалы өнер мен дизайндағы коллекциялар. Коллекциялық бұйымдарды жасауға арналған көркем жобалау заңдылықтары. Коллекцияларды жобалау кезеңдерінің реттілігі мен мақсаты. Коллекцияларды жобалау әдістері.

Курстың постреквизиттері: Өнеркәсіптік бұйымдар мен пәндік-кеңістіктік ортаның эргодизайны. Жобалау алдындағы зерттеулер. Дипломдау.